

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2018 жылғы 7 желтоқсан

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы
Үлкен алқасы:

төрағалық етуші баяндамашы судья Ж.Н.Бәйішев,
судьялар А.М. Ажибраимова, Э.В. Айриян, Д.Г.Колос, Т.Н. Нешатаева,
В.Х. Сейтімова, Г.А. Скрипкина, А.Э. Туманян, А.А.Федорцов, К.Л.Чайка,
сот отырысының хатшысы А.Ю.Захаровтың қатысуымен
іс материалдарын зерттеп, баяндамашы судьяны тыңдап,
Еуразиялық экономикалық одақтың Соты Статутының 46, 47, 50, 68, 69,
73, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің
72, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық комиссияның 2014 жылғы 29 мамырдағы
Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың ережелеріне түсініктеме
беру туралы өтініші бойынша мынадай Консультативтік қорытынды береді.

I. Өтініш берушінің сұрағы

Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – өтініш беруші, Комиссия) Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) ережелеріне түсінік беру туралы өтінішпен жүгінді.

Өтініш беруші Шарттың 1-бабында Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) шеңберінде жұмыс күшінің еркін қозғалысы бекітілгендігін көрсетеді.

Бұдан басқа, Шарттың 97-бабының 2-тармағына сәйкес ұлттық қауіпсіздікті (оның ішінде стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы) және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында осы Шартта және мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген шектеулерді қоспағанда, мүше мемлекеттер ұлттық еңбек нарығын қорғау мақсатында, мүше мемлекеттердің еңбекшілері жүзеге асыратын еңбек қызметіне, олар айналысатын жұмыс түріне және болу аумағына қатысты шектеулерді белгілемейді және өздерінің заңнамасында белгіленген шектеулерді қолданбайды.

Комиссияға Армения Республикасының Вице-премьер-министрі, Халықаралық экономикалық интеграция және реформалар министрінің Армения Республикасының кәсіпқой спортшы азаматтары Ресей Федерациясының кәсіпқой спорт клубтарындағы еңбек қызметтерін жүзеге асыруы кезінде олардың құқықтарының бұзылғаны туралы 2016 жылғы 21 маусымдағы өтініші келіп түсті.

Өтініштің негізінде өтініш беруші мүше мемлекеттердің азаматтары болып табылатын кәсіпқой спортшыларды ұлттық еңбек нарығын қорғау жөніндегі шектеулерді қолданбастан еңбек қызметін жүзеге асыруға тарту бөлігінде мүше мемлекеттердің Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберіндегі міндеттемелерін орындауына мониторинг және бақылау жүргізді.

Мониторингтің қорытындылары бойынша мүше мемлекеттерде мүше мемлекеттердің азаматтары болып табылатын кәсіпқой спортшылардың еңбек қызметін шектеу бар екендігі анықталды. Мүше мемлекеттердің заңнамасында кәсіпқой спортшылардың олардың азаматтығына қарамастан спорттық іс-шараларға қатысуы бойынша, соның ішінде мүше мемлекеттердің азаматтарына да қолданылатын сандық шектеулер қамтылған.

Комиссия Алқасының «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберіндегі міндеттемелерін орындауы туралы» 2017 жылғы 11 мамырдағы № 47 шешімімен (бұдан әрі – № 47 шешім) мүше мемлекеттерге Шарттың 97-бабының басқа мүше мемлекеттердің азаматтары болып табылатын кәсіпқой спортшылардың еңбек қызметін жұмысқа орналасу мемлекетінің дене шынықтыру-спорт ұйымдарында (дене тәрбиесі және спорт ұйымдарында) жүзеге асыруына қатысты 2-тармағын орындау қажеттігі туралы хабарланған.

№ 47 шешімнің 2-тармағын орындау үшін мүше мемлекеттердің үкіметтері мүше мемлекеттердің азаматтары болып табылатын кәсіпқой спортшылардың еңбек қызметін жүзеге асыруына қатысты шектеулерді жоюға бағытталған қабылданған шаралар туралы Комиссияны хабардар етті.

Сонымен бірге, Ресей Федерациясының пікірі бойынша заңнамалық, сондай-ақ Спорт министрлігінің заңға тәуелді актілерінде көзделген қосымша талаптар Шарттың 97-бабының 2-тармағына сәйкес ұлттық еңбек нарығын қорғау мақсатында белгіленетін және қолданылатын шектеулер болып табылмайды, олар Ресей Федерациясының кәсіпқой спорт саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру мақсатына қызмет етеді және спортшылар даярлау үшін жағдайлар жасауға бағытталады.

Өтініш беруші Шарттың 97-бабының мүше мемлекеттердің азаматтары болып табылатын кәсіпқой спортшылардың еңбек қызметін жүзеге асыруы туралы 2-тармағын және ұлттық спорттық іс-шараларға қатысуы бойынша сандық шектеулердің белгіленуі мүмкіндігін түсіндіру және қолдану бойынша мүше мемлекеттердің әртүрлі ұстанымдары бар деп есептейді. Комиссия мүше мемлекеттердің азаматтары болып табылатын кәсіпқой спортшылардың құқықтық мәртебесінің үшінші елдер спортшыларының құқықтық мәртебесінен іс жүзінде ерекшеленбейтінін атап өтеді.

Өтініш берушінің пікірі бойынша осындай тәсілдеме Шарттың Одақ шеңберінде жұмыс күшінің еркін қозғалысы және ұлттық еңбек нарығын қорғау бойынша шектеулер қолданбау көзделетін ережелеріне толық сәйкес келмейді.

Осыған байланысты Комиссия Соттан Шарттың 97-бабының 2-тармағын мүше мемлекеттердің азаматтары болып табылатын кәсіпқой спортшылардың еңбек қызметін жүзеге асыруына қатысты қолдануға және ұлттық заңнамада осы санаттағы адамдардың еңбек қызметін жүзеге асыруы кезінде оларға сандық шектеулер белгілеу мүмкіндігіне түсініктеме беруді сұрайды.

II. Соттағы рәсім

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (Шартқа № 2 қосымша; бұдан әрі – Сот Статуты) 68-тармағына сәйкес түсініктеме беру туралы істерді қарау тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Регламентімен (бұдан әрі – Сот Регламенті) айқындалады.

Сот Статутының 73-тармағымен Сот түсініктеме беру туралы істерді Соттың Үлкен алқасының отырыстарында қарайтыны белгіленген.

Істі қарауға дайындау шеңберінде Сот Регламентінің 75-бабының тәртібімен Армения Республикасының Сот Департаментіне, Беларусь Республикасының Жоғарғы Сотына, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына, Қырғыз Республикасының Жоғарғы Сотына, Ресей Федерациясының Жоғарғы Сотына, Ресей Федерациясы Конституциялық Сотының Хатшылығына, Беларусь Республикасының Әділет министрлігіне, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне, Қырғыз Республикасының Әділет министрлігіне, Ресей Федерациясының Әділет министрлігіне, Армения Республикасының Спорт және жастар істері жөніндегі министрлігіне, Беларусь Республикасының Спорт және туризм министрлігіне, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне, Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Жастар, дене тәрбиесі және спорт істері жөніндегі мемлекеттік агенттігіне, Ресей Федерациясының Спорт министрлігіне, Беларусь Мемлекеттік университетіне, Қазақстан Республикасының Заңнама институтына, Ресей Федерациясы Үкіметінің жанындағы Заңнама және салыстырмалы құқықтану институтына, Қазан (Приволждік) федеральдық университетіне, Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтына, О.Е.Кутафин атындағы Мәскеу мемлекеттік заң университетіне, Новосібір мемлекеттік университетіне сұрау салулар жіберілді және оларға жауаптар алынды.

Соттың сұрау салуы бойынша Комиссия іс бойынша қосымша материалдар ұсынды.

III. Сот қорытындылары

Сот Статутының 50-тармағын басшылыққа ала отырып, Соттың Үлкен алқасы шарттың терминдеріне олардың мән-мәтініне мағына беру қажет болатын әдеттегі мәнге сәйкес, сондай-ақ шарттың объектісі және мақсаттары

тұрғысынан шарт дұрыс түсіндірілетін 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена Конвенциясының (бұдан әрі – Вена конвенциясы) 31-бабы 1-тармағының ережелерін ескере отырып, жалпыға бірдей танылған қағидаттардың және халықаралық құқық нормаларының негізінде Шарттың ережелеріне олардағы өзара жүйелік байланысқа түсінік беруді жүзеге асырады.

I. Шарттың 1-бабының 1-тармағына сәйкес Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы, Шартпен және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен айқындалған экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізу қамтамасыз етіледі.

Шарттың 2-бабына сәйкес «ортақ (бірыңғай) нарық» – Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің қозғалыс еркіндігі қамтамасыз етілетін экономикалық қатынастар жиынтығы.

Шарттың 4-бабында Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыруға ұмтылу Одақтың негізгі мақсаттарының бірі ретінде бекітілген.

Шарттың 28-бабының 1 және 2-тармақтарында Одақ Шарттың ережелеріне сәйкес ішкі нарықтың жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады. Ішкі нарық экономикалық кеңістікті қамтиды, онда Шарттың ережелеріне сәйкес тауарлардың, тұлғалардың, көрсетілетін қызметтер мен капиталдың еркін қозғалысы қамтамасыз етіледі деп белгіленген.

Шарттың көрсетілген нормаларын жүйелі түрде түсіндіру адамдардың еркін қозғалысы ішкі нарықтың жұмыс істеуі элементтерінің бірі болып табылады деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Шарттың құрылымынан көрініп тұрғандай, «Еңбек көші-қоны» деген XXVI бөлім Шарттың «Бірыңғай экономикалық кеңістік» деген үшінші бөлігіне жатқызылған.

Шарттың осы бөлімінің 96-бабына сәйкес мүше мемлекеттер Одақ шеңберіндегі еңбек көші-қонын реттеу саласындағы саясатты келісу бойынша, сондай-ақ мүше мемлекеттерде еңбек қызметін жүзеге асыру үшін мүше мемлекеттер еңбекшілерін ұйымдастырылған түрде іріктеуге және тартуға жәрдем көрсету бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2. Кәсіпқой спорт саласындағы қызметті регламенттеу үшін мемлекеттік құқықтық реттеудің және дене тәрбиесі мен спорт ұйымдарының өзін өзі реттеуінің үйлесімі тән. Бұл ретте мүше мемлекеттер дене тәрбиесі мен спорт ұйымдары үшін кәсіпқой спортшыларды құқықтық шеңберлермен шектей отырып және оларға кәсіпқой спорт саласындағы еңбек дауларын ұлттық соттарда шешу мүмкіндігін бере отырып, олардың еңбегін реттеу шектерін белгілейді.

Шарттың 97-бабының 1-тармағында мүше мемлекеттің жұмыс берушілері және (немесе) жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) тапсырыс

берушілері мүше мемлекеттердің еңбекшілерін ұлттық еңбек нарығын қорғау жөніндегі шектеулерді ескермей, еңбек қызметін жүзеге асыруға тартуға құқылы. Мүше мемлекеттер еңбекшілерінің жұмысқа орналасу мемлекетінде еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат алуы талап етілмейді деп белгіленген.

Шарттың 97-бабының 2-тармағына сәйкес ұлттық қауіпсіздікті (оның ішінде стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы) және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында Шартта және мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген шектеулерді қоспағанда, мүше мемлекеттер ұлттық еңбек нарығын қорғау мақсатында, мүше мемлекеттердің еңбекшілері жүзеге асыратын еңбек қызметіне, олар айналысатын жұмыс түріне және болу аумағына қатысты шектеулерді белгілемейді және өздерінің заңнамасында белгіленген шектеулерді қолданбайды.

Шарттың 97-бабының 1 және 2-тармақтарын өзара байланыста оқып шығу оларда қамтылған құқықтық нормалардың Одаққа мүше мемлекеттерге, жұмыс берушілерге, жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) тапсырыс берушілерге және мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне арналғандығын куәландырады.

Шарттың 97-бабы 1-тармағының бірінші сөйлемінде жұмыс берушінің және жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) тапсырыс берушінің мүше мемлекеттердің еңбекшілерін ұлттық еңбек нарығын қорғау жөніндегі шектеулерді ескерместен еңбек қызметін жүзеге асыруға тарту құқығы белгіленеді.

Шарттың 97-бабы 1-тармағының екінші сөйлемінің мағынасын ұғыну мүше мемлекеттердің еңбекшілерінен еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат алуды талап етуге мүше мемлекеттердің құқылы еместігін куәландырады.

Шарттың 97-бабы 2-тармағының мағынасы бойынша мүше мемлекеттер өздеріне ұлттық еңбек нарығын қорғау мақсатында шектеу белгілемеу, ал егер осындай шектеулер белгіленсе, Шартта және мүше мемлекеттердің заңнамасында ұлттық қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында белгіленген шектеулерді қоспағанда, оларды мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне қолданбау міндеттемесін алды.

Шарттың 97-бабының 1 және 2-тармақтарын жүйелі түрде түсіндіруден мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне қатысты ұлттық еңбек нарығын қорғау мақсатында белгіленген шектеулердің (лимиттердің, квоталардың) қолданылмайтыны келіп шығады.

Шарттың 97-бабының 1 және 2-тармақтарының тұжырымдамасы жұмыс берушілерге, жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) тапсырыс берушілерге және мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне құқықтар беруі, сондай-ақ олардың жеткілікті түрде анық және айқын болуы, ұлттық заңнамаға имплементациялауды талап етпеуі фактісі оларда тікелей әсер ету және тікелей қолдану қасиеттері бар деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

3. Соттың Үлкен алқасы өтініш беруші қойған сұраққа жауап беру үшін кәсіпқой спортшылардың қызметі еңбек қызметі ұғымына сәйкес келетіндігі-келмейтіндігін анықтау қажет деп пайымдайды.

Шарттың 96-бабының 5-тармағына сәйкес «мүше мемлекеттің еңбекшісі» – мүше мемлекеттің азаматы болып табылатын, өзі азаматы болып табылмайтын және тұрақты тұрмайтын басқа мүше мемлекеттің аумағында заңды түрде жүрген және заңды негізде еңбек қызметін жүзеге асыратын адам.

«Еңбек қызметі» деп жұмысқа орналасу мемлекетінің аумағында осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын, еңбек шартының негізіндегі қызмет немесе азаматтық-құқықтық шарт негізінде жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) жөніндегі қызмет түсініледі.

Қарастырылып отырған мәселеге қатысты жоғарыда баяндалғандарды ескергенде, Одаққа мүше мемлекеттердің әрқайсысының заңнамасына сәйкес кәсіпқой спортшылар иеленетін дәрежеге қарамастан, олар Одақ құқығының мағынасы бойынша еңбекшілер болып табылады, Одақ шеңберінде бірыңғай мәртебені иеленеді және Шартпен берілетін құқықтарды және заңды мүдделерді пайдаланады.

Мүше мемлекеттің еңбекшісі мынадай талаптарға сәйкес болуға:

- а) мүше мемлекеттердің бірінің азаматтығын иеленуге;
- б) еңбекке орналастыру мемлекетінің аумағында заңды түрде болуға;
- в) еңбек шартының немесе азаматтық-құқықтық шарттың негізінде еңбекке орналастыру мемлекетінің аумағында жұмыстар орындау немесе қызметтер көрсету жөніндегі қызметті заңды негізде жүзеге асыруға;
- г) еңбекке орналастыру мемлекетінің азаматы болмауға;
- д) өз қызметін жүзеге асырғаны үшін сыйақы алуға тиіс.

Одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасының ережелеріне байланысты кәсіпқой спортшылардың қызметі еңбек және азаматтық құқық нормаларымен, сондай-ақ дене тәрбиесі және спорт ұйымдарының халықаралық және ұлттық актілерімен реттеледі.

Одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасында жұмыс беруші (дене тәрбиесі және спорт ұйымдары) мен қызметкердің (кәсіпқой спортшының) арасында қатынастардың туындау мүмкіндігін еңбек шартының (Армения Республикасының «Дене тәрбиесі және спорт туралы» 2001 жылғы 10 шілдедегі № ЗР-196 Заңының 17-бабы, Қырғыз Республикасы Еңбек кодексінің 397-бабы, Ресей Федерациясы Еңбек кодексінің 348.1-бабының 1-бөлігі), азаматтық-құқықтық шарттың (Қазақстан Республикасының «Дене тәрбиесі және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V Заңының 18-бабының 1-тармағы), еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарттың (Беларусь Республикасының «Дене тәрбиесі және спорт туралы» 2014 жылғы 4 қаңтардағы № 125-З Заңының 55-бабының 1-тармағы) негізінде белгіленеді. Бұл ретте қызметкердің еңбек функциясы ол өз қызметін шарттың қандай түрінің негізінде жүзеге асыратынына қарамастан, оның спорттың белгілі бір түрі бойынша дайындалуынан және спорт жарыстарына қатысуынан тұрады.

Жоғарыда баяндалғандар барлық мүше мемлекеттерде кәсіпқой спортшылардың қызметі еңбек қызметі ұғымына сәйкес келеді және оған спортшының еңбек функциясын іске асырумен байланысты бөлігінде

Шарттың 97-бабы 2-тармағының әрекеті қолданылады деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Кәсіпқой спортшылар және дене тәрбиесі мен спорт ұйымдары мүше мемлекеттердегі қызметін еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарттардың негізінде жүзеге асырады, бұл Шарттың 96-бабы 5-тармағының оныншы абзацына сай еңбек қызметі ұғымына сәйкес келеді.

Соттың Үлкен алқасы жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Одақ құқығында көрсетілген шарттар сақталған жағдайда кәсіпқой спортшылар мүше мемлекеттердің еңбекшілері мәртебесін иеленеді, ал олардың қызметі еңбек қызметі болып табылады деген қорытындыға келеді.

4. Шарттың 97-бабының 2-тармағына сәйкес еңбек көші-қоны саласында шектеуге жол берілмейді, алайда ол Шартта және мүше мемлекеттердің заңнамасында мүше мемлекеттердің еңбекшілері жүзеге асыратын еңбек қызметіне, олар айналысатын жұмыс түріне және болу аумағына қатысты ұлттық қауіпсіздікті (оның ішінде стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы) және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында ғана белгіленуі мүмкін.

Шарттың 97-бабы 2-тармағының мазмұнынан шектеулердің үш түрін белгілеуге немесе қолдануға тыйым салынатыны келіп шығады.

Біріншіден, жүзеге асырылатын еңбек қызметіне қатысты шектеулерге тыйым салынады. Бұл мүше мемлекеттің еңбекшілері мен жұмыс берушінің/жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) тапсырыс берушінің арасында еңбек немесе азаматтық-құқықтық қатынастар болған жағдайда еңбек функциясын іске асыру шарттарына қатысты, мысалы еңбек жағдайларына, жалақыға, жарыстарда өнер көрсету мүмкіндігіне қатысты шектеулер.

Осы ережелердің шектеулер белгіленбеген ойыншыларды жалдауға емес, клубтың оларды ресми матчтардағы ойындарға шығару мүмкіндігіне қатысты болуы фактісі маңызды болмайды. Өйткені осындай матчтарға қатысу кәсіпқой ойыншы қызметінің негізгі мақсаты болып табылады, мұндай қатысуды шектейтін қағида спортшының жұмыс алуға құқығын да шектейді.

Екіншіден, тыйым салу айналысатын жұмыс түріне, яғни белгілі бір кәсіпке қол жеткізуге қойылатын шектеулерге қатысты. Қызметтің белгілі бір түрлерін тиісті мемлекеттің азаматтарына арнап резервке қою, азаматтардың және азамат еместердің арақатынастарына теңбе тең квоталар белгілеу, не азамат еместерге еңбек қызметінің белгілі бір түріне қол жеткізу үшін қосымша талаптар қою осындай шектеулердің мысалы болып табылады.

Кәсіпқой клубтарда өнер көрсететін кәсіпқой спортшылардың спорт жарыстарына қатысуы мүмкіндігін шектеу жүзеге асырылатын еңбек қызметіндегі (еңбек функциясын іске асырудағы) шектеуді білдіреді. Мүше мемлекеттердің заңнамасын талдау спорт жарыстарына қатысу кәсіпқой спортшының еңбек функциясын білдіретінін көрсетті. Бұл шектеу шетелдік спортшылардың еңбек нарығына қатысуы үшін де салдарға әкеп соқтырады, өйткені спорт клубтары үшін басқа мүше мемлекеттердің спортшыларымен еңбек шарттарын жасасудың тартымдылығын азайтады. Еуропалық одақтың

Соты Union royale belge des sociétés de football association and Others v Bosman and Others (Case C-415/93; бұдан әрі – Bosman) және Igor Simutenkov v Ministerio de Educación y Cultura and Real Federación Española de Fútbol (Case C-265/03) істері жөніндегі шешімдері бойынша осындай қорытындыға келді.

Үшіншіден, болу аумағына қатысты шектеулерге, яғни белгілі бір жерде міндетті түрде тұрумен шарттасатын жұмысқа қол жеткізу бойынша кедергілерге тыйым салынған. Мұндай талаптар шектеу болып табылады, өйткені оларды тиісті мемлекеттің азаматтарының орындауы әдейі жеңілдетіледі. Мұндай талаптың өз халқының бір бөлігіне қатысты да шектеу болып табылатындығы фактісі осы қорытындының дұрыстығына күмән туғызбайды.

Осылайша, Шарттың нормасы еңбек нарығына Одақтың өзге мүше мемлекеттерінің азаматтығын иеленетін қызметкерлердің ағынына тыйым салу (шектеу) мақсатымен ұлттық еңбек нарығын қорғау мақсатында мүше мемлекетте белгіленетін немесе қолданылатын кез келген шектеулерге қолданылады.

5. Шарттың 97-бабының 2-тармағында Шартта және мүше мемлекеттің заңнамасында «ұлттық қауіпсіздікті (оның ішінде стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы) және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында» шектеулер белгілеу мүмкіндігіне жол беріледі. Егер мемлекеттік шаралар Шарттың әрекетіне түскен және мүше мемлекеттердің еңбекшілері жүзеге асыратын еңбек қызметіне, олар айналысатын жұмыс түріне және болу аумағына қатысты шектеулерді білдірген жағдайда, осындай шектеулердің қоғамдық мүдделерді қорғау мақсатында ақталуы мүмкіндігін-мүмкін еместігін талдау қажет. Бұл ретте шектеулер ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп ниеті бойынша қабылданатын жалпы сипаттағы шараларды да, сондай-ақ жеке сипаттағы шараларды да қамтуы мүмкін. Мүше мемлекеттер ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп шараларын, сондай-ақ стратегиялық маңызы бар экономика салаларын айқындауда дискрецияны иеленеді. Сонымен бірге мемлекеттік шаралар пропорционалды болуға, яғни ұлттық қауіпсіздікті (оның ішінде стратегиялық маңызы бар экономика салаларындағы) және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша қойылған міндеттерге қол жеткізуге сәйкес келуге және оларға қол жеткізу үшін қажеттілерді ғана көздеуге тиіс.

Пропорционалдылық қағидатын Еуропалық одақ Соты Bosman, Lehtonen and Castors Braine (Case C-176/96) және Olympique Lyonnais (Case C-325/08) істері бойынша қолданды.

Шарттың 97-бабының 1 және 2-тармақтарының ережелерінде мүше мемлекеттердің еңбекшілері болып табылатын кәсіпқой спортшылардың еңбек қызметіне ұлттық заңнаманың және заңға тәуелді актілердің деңгейінде шектеулер қолдануға және белгілеуге жол берілмейді, сондай-ақ заңдармен немесе заңға тәуелді актілермен тиісті шектеулердің белгіленгендігіне не тиісті ұйымның жергілікті актілермен олардың енгізілгеніне қарамастан, кәсіпқой спортшылардың жұмыс берушілері болып табылатын дене тәрбиесі және спорт ұйымдарына тиісті шектеулерді қолдануға тыйым салынады.

Соттың Үлкен алқасы Одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары болып табылатын кәсіпқой шетелдік ойыншылардың санын шектейтін қағида еңбек қызметін шектеуді (жасалған еңбек шартының бұзылуы жағдайында) немесе айналысатын жұмыс түріне қатысты осындай ойыншылардың жарыстарға қатысуын тікелей қозғайтын шамада шектеуді, сондай-ақ Одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерімен – кәсіпқой спортшыларымен еңбек шартын жасасу мүмкіндігін білдіреді деген қорытындыға келді. Осындай шектеу белгілеуге немесе оны қолдануға Шарттың 97-бабының 2-тармағымен тыйым салынады.

6. Соттың Үлкен алқасы кәсіпқой спортшылардың қызметіне қатысты олардың еңбек қызметін, олардың өздерінің еңбек функциясын іске асыруын реттейтін нормаларды осы саланың спорттық құрамдауышын ғана айқындайтын қағидалардан аражігін ажырату қажет деп пайымдайды.

Егер шектеу кәсіпқой спортшының еңбек қызметін қозғаса, онда ол Шарттың 97-бабының 2-тармағының қолданысына түседі, ал егер тиісті шектеу спорт саласына ғана қатысты болса, Одақ құқығының күші оған қолданылмайды.

Спорт жарыстарына қатысатын және жоғары спорт нәтижелеріне қол жеткізу және пайда алу мақсаты бар заңды тұлғалардың (спорт түрлері федерацияларының, клубтардың және т.б.) кәсіпқой спорт қызметін Одаққа мүше мемлекеттерде құқықтық реттеудің ерекшеліктері бар.

Аумағында кәсіпқой спорт қызметі жүзеге асырылатын мүше мемлекеттің азаматтары болып табылмайтын спортшылардың еңбек қатынастары осы мүше мемлекеттің еңбек заңнамасымен реттеледі. Бұл Шарттың 97-бабы 2-тармағының мағынасы бойынша ұлттық еңбек нарығын қорғау мақсатында оларға шектеулерді қолданбауды алдын ала болжайды.

Одақ құқығында мүше мемлекеттер еңбекшілерінің қозғалыс еркіндігі олардың кепілдіктерімен және құқықтарымен қамтамасыз етіледі.

Соттың Үлкен алқасы жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, кәсіпқой спортшылардың еңбек функциясын жүзеге асыруымен байланысты нормалар Одақ құқығының қолданысына түседі деп есептейді.

«Шектеулер» ұғымы Одаққа мүше мемлекеттердің азаматтарының өзге мүше мемлекетте өздерінің еңбек қызметін жүзеге асыру құқығын іске асыруын қиындататын немесе тежейтін шараларға қолданылуы мүмкін.

Пропорционалдылық талаптарын сақтау мақсатында шектеудің алға қойылған мақсатқа қол жеткізуге сәйкестігін не сәйкес еместігін және оған қол жеткізуге қажеттіні ғана көздейтінін не көздемейтінін анықтау қажет.

Кәсіпқой клубтарда өнер көрсететін және ұлттық спорт жарыстарына қатысу мүмкіндігін иеленетін кәсіпқой спортшылардың санын шектеуге жол берілмейді, өйткені ол Одақтың өзге де мүше мемлекеттерінің спортшыларын, азаматтарын еңбек қызметі жүзеге асырылатын мемлекеттің азаматтары болып табылатын спортшылармен салыстырғанда тең емес жағдайға қояды.

Соттың Үлкен алқасы мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасында еңбек қызметіне мүше мемлекеттің азаматтығы белгісі бойынша шектеулер белгілеуге жол берілмейтіндігіне назар аударады.

7. Соттың Үлкен алқасы Шартпен берілген құзыреттің шеңберінде, мүше мемлекеттердің Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуі шеңберіндегі міндеттемелерін мүше мемлекеттердің азаматтары болып табылатын кәсіпқой спортшыларды ұлттық еңбек нарығын қорғау жөніндегі шектеулерді ескерместен еңбек қызметін жүзеге асыруға тарту бөлігінде орындауына жүргізілген мониторингтің негізінде Комиссияның № 47 шешімді қабылдағанын атап өтеді.

Комиссия мүше мемлекеттерге Шарттың 97-бабының басқа мүше мемлекеттердің азаматтары болып табылатын кәсіпқой спортшылардың еңбек қызметін жұмысқа орналасу мемлекетінің дене шынықтыру-спорт ұйымдарында (дене тәрбиесі және спорт ұйымдарында) жүзеге асыруына қатысты 2-тармағын орындау қажеттігі туралы хабарлады.

№ 47 шешімге сәйкес мүше мемлекеттердің үкіметтері мүше мемлекеттердің заңнамасы деңгейінде де, сондай-ақ мүше мемлекеттердің дене шынықтыру-спорт ұйымдарының (дене тәрбиесі және спорт ұйымдарының) актілері деңгейінде де мүше мемлекеттердің азаматтары болып табылатын кәсіпқой спортшыларға қатысты шектеулерді жоюға бағытталған қабылданған шаралар туралы Комиссияны хабардар етті.

Шарттың 6-бабының 1-тармағына байланысты Комиссияның шешімдері Одақтың құқығын құрайды. Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (Шартқа № 1 қосымша) 13-тармағына сәйкес Комиссия шешімдерінің нормативтік-құқықтық сипаты бар, олар мүше мемлекеттер үшін міндетті, Одақ құқығына кіреді және мүше мемлекеттердің аумақтарында тікелей қолдануға жатады.

Сот Статутының 39-тармағының 1-тармақшасы Комиссияның шешімімен келіспейтін мүше мемлекетке Комиссия шешімінің немесе оның жекелеген ережелерінің Шартқа, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға және (немесе) Одақ органдарының шешімдеріне сәйкестігін тексеру туралы Сотқа жүгіну құқығын береді.

Санамаланған құқықтық нормаларды жүйелі түрде түсіндіру мүше мемлекеттердің Комиссия шешімдерін орындау міндеттілігі туралы, ал олармен келіспеген жағдайда – осы шешімдерге Одақ құқығында белгіленген тәртіппен шағымдану құқығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Комиссияның заңды күшіне енген және белгіленген тәртіппен шағымдалмаған шешімдерін орындамау Шартпен келісілмейді.

Шарттың 3-бабына сәйкес мүше мемлекеттер Одақтың өз функцияларын орындауы үшін қолайлы жағдай жасайды және Одақ мақсаттарына қол жеткізуге қауіп төндіре алатын шаралардан қалыс қалады, ол мақсаттардың қатарына Шарттың 4-бабына сәйкес Одақ шеңберінде еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыруға ұмтылу жатады.

Вена конвенциясының 26-бабына сәйкес әрбір қолданыстағы шарт оған қатысушылар үшін міндетті және олар оны адал орындауға тиіс (*pacta sunt servanda* қағидаты).

Осындай мән-жайлар кезінде мүше мемлекеттердің еңбекшілері болып табылатын кәсіпқой спортшылар жүзеге асыратын еңбекке орналастыру

мемлекетінің дене тәрбиесі және спорт ұйымдарындағы еңбек қызметіне қатысты Шарттың 97-бабының 2-тармағын мүше мемлекеттердің орындамауы Одақ шеңберіндегі еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыру мақсатына қол жеткізуге кедергі келтіретін тосқауыл болып табылады.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, мүше мемлекеттер Одақ құқығына және ұлттық заңнама актілеріне, соның ішінде Шарттың 97-бабының 2-тармағына сәйкес келмейтін кәсіпқой спортшылардың еңбек қызметіне шектеулерді қолдану мәселесі бойынша қайшылықтар болған жағдайда Одақ құқығының ережелерін басшылыққа алуы қажет.

Тұжырым

Шарттың 97-бабының 2-тармағы тікелей қолдану нормасы болып табылады және тікелей қолдануға жатады.

Мүше мемлекеттердің заңнамасында және дене тәрбиесі мен спорт ұйымдарының жергілікті актілерінде Одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары болып табылатын кәсіпқой спортшыларға олар жүзеге асыратын еңбек қызметіне, айналысатын жұмыс түріне және болу аумағына қолданыстағы сандық шектеулер белгілеуге, сондай-ақ оларды қолдануға жол берілмейді.

IV. Қорытынды ережелер

Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтына орналастырылсын.

Төрағалық етуші
баяндамашы судья

Ж.Н. Бәйішев

Судьялар

А.М. Ажибраимова

Э.В. Айриян

Д.Г. Колос

Т.Н. Нешатаева

В.Х. Сейтімова

Г.А. Скрипкина

А.Э. Туманян

А.А.Федорцов

К.Л. Чайка